

## "Қарағандышахтатарату" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорның қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 10 ақпандағы № 45 қаулысы.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қарағандышахтатарату" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорны (бұдан әрі – "Қарағандышахтатарату" РММК) қайта құру жолымен оның жарғылық капиталына мемлекеттің жүз пайыз қатысуымен "Қарағандышахтатарату" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – серіктестік) болып қайта ұйымдастырылсын.

### 2. Мыналар:

"Қарағандықөмір" бұрынғы өндірістік бірлестігінің шахталары мен көмір тіліктері қызметінің салдарларын жою;

таратылған шахталардағы газ ахуалын, гидрогеологиясын және су басу деңгейлерін мониторингтеу;

таратылған объектілерді (дінгектерді, шурфтарды, ұнғымаларды) зерттеп-қарау;

серіктестіктің қызмет бейіні бойынша жер жұмыстары серіктестік қызметінің негізгі түрлері болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жарғысын бекітуді және оның Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесін иелік ету және оны пайдалану құқығын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігіне беруді;

3) осы қаулыдан туындастын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Б. Сагынтаев

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2017 жылғы 10 ақпандығы

№ 45 қаулысымен

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысадың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж. № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншіктің қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Қарағанды облысы" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік номірі 214-17-жолмен толықтырылсын:

"214-17. "Қарағандышахтатару" ЖШС".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысадың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігіне" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік номірі 20-12-жолмен толықтырылсын:

"20-12. "Қарағандышахтатару" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

3. "Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 994 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 55-56, 544-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі туралы ережеде:

Министрліктің қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік номірі 9-жолмен толықтырылсын:

"9. "Қарағандышахтатару" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.";

"Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар" деген бөлімде:

реттік номірі 5-жол алып тасталсын.

4. "Акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын

қызмет түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2015 ж., № 72-73-74, 551-құжат):

көрсетілген қауымен бекітілген акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесінде:

акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі республикалық меншіктегі заңды тұлғалар мен олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 53, 54, 55, 56-жолдармен толықтырылсын:

"

53	"Қарағандықөмір" бұрынғы өндірістік бірлестігінің шахталары мен көмір тіліктері қызметінің салдарларын жою	39000
54	Таратылған шахталардағы газ ахуалын, гидрогеологиясын және су базу деңгейлерін мониторингтеу	39000
55	Таратылған объектілерді (діңгектерді, шурфтарды, ұнғымаларды) зерттеу-карау	39000
56	Жер жұмыстары	43121

".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК